

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму,
қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің

2019 ж. « 06 » 05

№ 781/16 бұйрығына
Бекітілген

**«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 4 қазандағы (№ 170 НК бұйрығы) бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 3-баптың 11-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«Компанияның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі, 10.»;

2. 13-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«Компанияның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Компанияның мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі-Уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитетінің келісімі бойынша қабылданатын мәселелерден бөлек, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша өзбетінше шешім қабылдайтын Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып табылады.

Компанияның мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері туралы» №142 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді.».

Басқарма төрағасы



Н. Әбдібеков